

Орман қорының жекелеген жер учаскелерін басқа санаттағы жерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 сәуірдегі N 305 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Қызылорда облысының Қызылорда қаласы, Жалағаш және Жаңақорған аудандары аумағындағы орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемелерінің жалпы алаңы 743,0 гектар жер учаскелері орман қоры жерінен елді мекендер жері санатына ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 5 сәуірдегі
N 305 қаулысына

қосымша

**Қызылорда облысының Қызылорда қаласы, Жалағаш және
Жаңақорған аудандары аумағындағы орман және
жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемелерінің
орман қоры жерінің санатынан елді мекендер
жері санатына ауыстырылатын жердің экспликациясы**

Жер пайдаланушылар атауы	Жалпы алаңы, га	оның ішінде			
		егістік	жайылым	құрылыстың астында	басқа алқаптар
Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі	451,0	21,3	60,0	274,0	95,7
Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі	252,0	-	-	202,0	50,0
Жаңақорған орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі	40,0	-	-	20,0	20,0
Барлығы	743,0	21,3	60,0	496,0	165,7

